

***АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫН ТЕКСЕРУ. МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТІ.
АВТОЖОЛДАРДЫ ТЕКСЕРУДІҢ ТҮРЛЕРІ. АВТОЖОЛДАРДЫ ТЕКСЕРУ
ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ***



Көлік құралдарын кез-келген уақытта қауіпсіз өткізіп тұру үшін АЖ үздіксіз тексеріп, бақылап отыру қажет және де уақытында жөндеу жұмыстары керек жерлерді тауып жөндеу керек.

Тексеру – ол барлық жұмыстардың керекті бөлігі және автомобиль жолдарының көліктік-пайдалану сапасын жоғарғы дәрежеде қамтамасыз етуге бағытталған. Сипаты бойынша осы жұмыстар АЖ ізденіс жұмыстарына ұқсас.

Изыскания – ізденіс жұмыстары – мақсатқа неғұрлым сәйкес келетін трассаның бағытын, жол құрылысын н/е жол ғимараттарын жобалау кезінде таңдау арқылы жүргізілетін жұмыстар кешені.

Автомобиль жолдарын тексерудің негізгі мақсаты – қозғалыс жағдайын жақсартуды қажет ететін жол бөліктерін уақытында табу, және де жолдың барлық элементтерінің жағдайын бағалау. Қозғалыс қауіпсіздігін жоғарлату үшін қарапайым шаралардан бастап, автомобиль жолдарын қайта салуға дейін барады.



Реконструкция дороги – жолды қайта салу – жолдың категориясын жоғарылатып, тозған немесе ескірген құрылыстарды жаңарту жұмыстары. Қозғалыс қауіпсіздігін жоғарлатудың қолма-қол шараларын жобалау керектігі барынша ең аз жұмыстар көлемімен шектеледі.

Жолды қайта салу жобасын жасау үшін мұқият тексерілуі қажет.

Автомобиль жолдарын тексеру келесідей мүмкіндіктерді береді:

1) Жол паспортын өткізуге;

Жол паспорты – техникалық есепке алудың негізгі құжаты. Жолдың мақсаты мен тиімділік жағдайын, шығын нормативтерін, жол құрылыстарының қалпын және т/б жолды пайдалану сипаттарын анықтайды.

2) Жол белгілері мен таңбаларды орналастыруға;

3) Жылдың әр мезгілінде жолды ұстауға бағытталған жұмыстар мен жөндеу жұмыстарының түрлерін анықтауға;

4) Қайта жөндеу жобасын жобалауға;

5) Жол элементтерінің нормативтік құжаттарына сәйкес келуін тексеруге;



Тексерудің мақсаттары:

- 1) Қозғалыстың өсу талабына сәйкес келмейтін жол бағдарларын белгілеу;
- 2) Бірінші кезекте жөндеуді қажет ететін жер төсемесі мен жол төсемесінің нашарлаған бөліктерін табу;
- 3) Жер төсемесінің тегіс емес және ілінісу сапасының төмен жерлерін табу;
- 4) Бөгеліс жерлер мен жолдың қауіпті бөліктерін табу;
- 5) Жолдағы қызмет көрсету орындарының деңгейін бағалау;
- 6) Жүргізушінің психофизиологиялық талаптарының жолға сәйкес келуін анықтау;
- 7) Қозғалысты ұйымдастыру мен жолды қамтамасыз ететін қызметтердің жұмыс сапасын бағалау;

Автомобиль жолдарын тексерудің түрлері

Қиындығы мен орындау әдісіне қарай автомобиль жолдарын тексеру әр түрлі жұмыстардан тұрады. Сондықтан да жұмысты бастамас бұрын тексерудің нақты мақсатын және жұмыстың көлемін, құрамын анықтап алу керек, сондай-ақ олардың орындалу уақытын жоспарлау керек.

Мақсатқа байланысты келесі тексерулер болуы мүмкін:

- 1) Жедел немесе қолма-қол (М: ЖКО-сы болған жерде).
- 2) Ағынды н/е күнделікті (Жолды қамтамасыз етудегі жұмыстың көлемін бағалау мақсатында).
- 3) Бақылау (Жол жағдайларын бағалау мақсатында ЖП және қозғалысты ұйымдастыру қызметкерлерімен атқарылады).
- 4) Мезгілдік (Жол жағдайын жалпы бағалау мақсатында жылдың әр мезгілінде өткізіледі).
- 5) Бөліктік (Жолдың жекелеген бөліктерінде қозғалысты ұйымдастыру қызметкерлерімен орындалады).
- 6) Кешенді (Жолды қайта жобалау, күрделі жөндеуден өткізу н/е АЖ мәліметтерін толтыру мақсатында арнайы зертханалық немесе ізденіс топтарымен орындалады).

Жолды тексерудің барлық аталған түрлері сәйкесінше жоспарлануы тиіс. М: Кешенді түрін 5 жылда 1 реттен кем емес өткізу керек.

Бөліктік тексеру жылда өткізілуі керек, яғни онда қауіпті бөліктер табылуы мүмкін.

Кез-келген тексеру 3 жұмыс түрінен тұрады: Дайындық, далалық, ғылыми өңдеу.

Дайындық кезеңі өте жауапты, өйткені осы уақытта барлық жұмыстың түрлерін жоспарлайды және орындалу уақыттарын бекітеді.

Осы кезеңнің мұқият орындалуына барлық келесі жұмыстар тәуелді. Дайындық кезеңінде келесі жұмыстар атқарылады:

- Жұмысты өткізу уақыты мен көлемін және де тексеру жоспарын анықтайды;
- Тексеруді өткізудің күнтізбе графигін құрады;
- Экспедиция құрамын белгілейді. Құралдарды дайындап, олардың жағдайын тексереді;
- Далада жұмыс істеуге арналған журналдар мен керекті формаларды дайындайды;
- ЖП н/е қозғалысты ұйымдастыру қызметтерінен алынған ЖКО мәліметтерін жинайды және талдайды;
- Жолдағы қозғалыстың құрамын және қарқындылығын анықтайды және талдайды;

Тексерудің түріне және мақсатына байланысты осы кезеңдегі жұмыстардың құрамы өзгерулері мүмкін.



Далалық кезеңде нақты тексерілетін жолда келесі жұмыс түрлері орындалынады:

- Қозғалыстың нақты режимін анықтайды – барлық жол бойында немесе жекелеген қауіпті бөліктерінде жылдамдықты нақты қарқындылықты және қозғалыс құрамын анықтайды;
- Жолдың геометриялық элементтерінің өлшемдерін анықтайды және ең бірінші көрінім қашықтығын;
- Кідіріс болатын және де қозғалыс қауіпсіздігінің талаптарына сай келмейтін жерлерді табады;
- Жол төсемесінің көліктік-пайдалану сапасын анықтайды, сондай-ақ тегістікті және де ілінісу сапасын бағалайды;
- Жол төсемесінің беріктігін және суды бұру, өткізу құрылғыларының жағдайын бағалайды. Жер төсемесін тексереді;
- Ауа ластануы мен көліктік шудың деңгейін анықтайды.

Далалық жұмыстың өзін 2 кезеңге бөліп орындайды: Алдымен рекогносцировка кезінде жекелеген тексеруді өткізу жерлерін белгілеп алады, содан кейін нақтылап тексеруді өткізеді, яғни құралдардың көмегімен.

Рекогносцировка – жол трассасын салудың мүмкін бағыттарын айқындау үшін жермен алғашқы жеңіл танысу.



3 кезеңде далалық жұмыстарды қорытындылап, өлшеулер нәтижелерін талдайды, яғни бар жиған мәліметтерді талдап қорытынды жасайды. Қорытынды ведомостерді толтырады, графиктер тұрғызады, тексеру кезінде алынған қорытындыларды толығымен талдайды және де жолды жақсарту үшін, қозғалыс қауіпсіздігін жоғарлату үшін ұсыныстар жаслынады.

Жолды тексеру жұмысы ғылыми-техникалық есеп берумен аяқталынады. Оның ішіне шешімдер мен ұсыныстар, линейлі графиктар кіреді

Жолдарды тексеру жұмыстарын ұйымдастыру

Үлкен көлемдегі күрделі жұмыстарды белгіленген уақытта орындау үшін ең бірінші дұрыс ұйымдастыру қажет. Жұмыстың түрі мен көлемі, экспедицияның құрамы, жол бойындағы аудандардағы ауа-райының ерекшеліктеріне байланысты жекелеген жұмыс түрлеріне өткізілетін өлшемдерді тиімді анықтау уақыты міндетті түрде анықталу керек. Автомобиль жолдарын кешенді тексеру жұмыстарының әдістемесі МАЖИ-ның жолдарды жобалау және ізденіс кафедрасында жасалған. Жұмысты өткізудің негізі күнтізбелік жоспар болып табылады.

Күнтізбелік жоспарды құрған кезде ең басты мына кезеңге көңіл бөлінуі тиіс, яғни қозғалыстың ең қарқындылық кезеңінде өткізілетін тексерудің түрлерін жоспарлағанда. Мысалы, ауыл шаруашылық тасымалдарымен айналысатын жолдарға негізгі жүктеме егіс науқаны мен астық жинау кезіне түседі, ал туристік бағдар кезінде – жаз уақытында.



Жол төсемесінің беріктігін, жер төсемесінің жағдайын және суды бұруды бағалау жұмыстарын мұқият жоспарлайды. Осы жұмыстар көктемде және күзде аз уақыт ішінде өткізіледі. Аталған жұмыстың ерекшелігі ол бүкіл жол бойында өткізілмейді, яғни еру жағдайына байланысты таңдалған бөліктерде ғана. Жұмыстың кезектілігін жол трассасын салудың мүмкін бағыттарын айқындау үшін жермен алғашқы жеңіл танысу (рекогносцировка) кезінде анықтайды.

Жол төсемесінің тегістігі мен кедір-бұдырлығын және де қозғалыс тәртібін анықтау уақытына көп шектеулер қойылмайды. Бірақта алынған нәтижеге жыл мезгілінің әсерін ескеру керек.

Жолдың салыну тарихын, көліктік шудың деңгейі мен ауаның ластануын, әртүлі басқа да мағлұматтарды кез-келген уақытта алуға болады.

Жұмыстың көлемі мен күнтізбелік жоспарға сәйкес экспедицияның құрамына жоғары білікті жүргізуші-механиктер, операторлар, қолданылатын құрал-жабдықты жақсы білетіндер, ЖҚҰ мамандары және де жолға байланысты жан-жақты білімдері бар адамдар кіреді.

Экспедицияны басқаратын бастық барлық кезеңдердегі жұмыс түрлеріне жауапты адам болып табылады.



Сондай-ақ жекелеген жұмыс түрлерінің орындалуына жауапты кіші ғылыми қызметкерлер (инженерлер) де экспедицияның құрамына кіреді. Ол жұмыстарға мыналар жатады: Қозғалыс құрамы мен қарқындылығын талдау, қозғалыс жылдамдығын анықтау мен есептеу, жол төсемесінің тегістігі мен кедір-бұдырлығын бағалау, жер төсемесі мен суды бұру жағдайларын зерттеу, жер төсемесінің беріктігін бағалау, қозғалыс қауіпсіздігін бағалау.

Экспедицияның бүкіл құрамы шартты түрде екіге бөлінеді: 1) қозғалыс қауіпсіздігі мен оның жағдайын, және де режимдерді талдаумен айналысады; 2) Осы бригададағы адамдардың міндетіне жер төсемесін тексеру, суды бұру және де жол төсемесінің беріктігін бағалау жатады, сондай-ақ жол төсемесінің тегістігі мен кедір-бұдырлығын өлшейді.

Бірінші бригадаға бір немесе екі қозғалыс тәртібін анықтау құралдарымен жабдықталған жеңіл автомобиль-зертхана беріледі. (ол жұмыстың көлемі мен уақытына байланысты). Екінші бригадаға соққы өлшегішпен жабдықталған жеңіл автомобиль, және ілінісу еселігін анықтауға арналған автомобиль-зертхана, жүк автомобиліне орнатылып, жол төсемесін бұрғылауға арналған бұрғылау агрегаты, және де жол төсемесінің беріктігін бағалауға арналған ауыр жүк автомобиль. Әрбір бригаданың құрамына керекті көлемде оператор-лаборанттар кіреді. (жұмыс көлеміне байланысты).



Ақырында жинақталған бригаданың құрамы 3 кіші ғылыми қызметкерлерден (инженерлер), бір немесе екі жүргізуші механиктен және 3 оператор-лаборанттан тұрады. Жалпылай өлшеулер басталған кезеңде бригаданың құрамы экспедиция бастығының бұйрығымен екінші бригада қызметкерлерінің көмегімен толықтырылуы мүмкін. Бұл, мысалы бір уақытта қозғалыс қарқындылығын анықтау кезінде болуы мүмкін. Осы кезеңде бригаданың құрамы 12-15 адамға дейін өседі.

Екінші бригаданың құрамына жол төсемесінің тегістігі мен кедір-бұдырлығын, жол төсемесінің беріктігін және де жер төсемесі мен суды бұруды тексеруге жауапты кіші ғылыми қызметкерлер (инженерлер) кіреді. Бұдан басқа осы бригадада 3 жүргізуші-механик және 6 оператор-лаборант бар. Барлығы 12 адам. Екінші бригададағы жұмыс істейтін адамдардың санының көп болуы жұмыстың шектелген уақытта орындалу қиындығымен түсіндіріледі. Басқа да қосалқы жұмыстарды атқаруға жергілікті жол қызметтерінен адамдар жіберіледі. Ондай жұмыстарға мыналарды жатқызуға болады: Бұрғылау, жару жұмыстарын жүргізгенде жарғыш заттарды салуға пайдаланған жерледі бітеу сияқтылар жатады.



Жұмыстың соңында күнделікті атқарылған жұмыстардың талдауын талапқа сай жасап отырады. Егер де қате мағлұматтар алынса, бұлай жасау оларды қайта келесі күні өлшеуге мүмкіндік береді. М. ең керекті уақыт бойынша тез өзгертін кез-келген физикалық шаманың өзгеруін жәй бақылау арқылы не қисық ирек сызықтарды жазу арқылы өлшейтін аспаппен өлшеген кезде, яғни онда алынған нәтижені қорындылау тек қана оны өңдегеннен кейін ғана жасалады.

Алынған нәтижелерді өңдеу мен қорытынды талдау 3 кезеңде, яғни далалық жұмыстар біткен соң жасалынады.

Егер, жұмыс аз көлемде болса, бригаданың құрамы да аз адамдардан тұрады.

ЖКО болған жерді қолма-қол тексеру кезінде жП қызметкерлерімен бірге жол қызметкерлері де болуы тиіс. Олар оқиға болған дердің қозғалыс жағдайын бағалауға көмектеседі.

Мезгілдік тексеру кезінде комиссия ұрылады, олардың құрамына жол қызметкерлерінен басқа ЖП-ң өкілдері кіру қажет, олар жыл мезгілі бойынша оқиғалардың бөлінуін талдайды.

